

## CURIPOD AI: БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРЕТІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

**Кеңесбаев Абылайхан Асылжанұлы**

[abulai.04@bk.ru](mailto:abulai.04@bk.ru)

«Информатика» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – **Байганова А.М.**  
э.ғ.к., профессор

Қазіргі таңда жасанды интеллект (AI) технологиялары көптеген салаларда қарқынды дамып келеді, әсіресе бастауыш мектептерде оқыту әдістерін жақсартуда үлкен өзгерістер енгізуде. Соның ішінде Curipod AI – бастауыш сынып мұғалімдеріне сабақ үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектесетін инновациялық платформа ретінде ерекше орын алады. Curipod AI – бастауыш сынып мұғалімдеріне сабақ жоспарын құру, оқушылармен интерактивті қарым-қатынас орнату және оқу үдерісін жеңілдету үшін жасалған жасанды интеллект негізіндегі платформа. Бұл құрал мұғалімдерге жас ерекшеліктеріне сай қызықты әрі түсінікті сабақтар дайындауға көмектеседі. Curipod AI бастауыш сынып мұғалімдеріне қысқа уақыт ішінде тиімді және балаға түсінікті сабақ жоспарларын құруға көмектеседі. Мұғалім тек тақырыпты немесе пәнді енгізіп, қажетті деңгейде бейімделген сабақ үлгісін ала алады. Платформа бастауыш сынып оқушыларына арналған викториналар, сұрақ-жауаптар және ойын түріндегі жаттығулар әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бастауыш сынып оқушыларының назарын ұстап, оларды белсенді түрде үйренуге ынталандырады, оқушылардың жауаптарын талдап, олардың қай тақырыптарды жақсы меңгергенін және қайсысында қиындық көретінін анықтауға көмектеседі. Бұл мұғалімге әр оқушының білім деңгейіне қарай жеке тәсіл қолдануға мүмкіндік береді [1].

Curipod AI платформасы Google Classroom және басқа да білім беру жүйелерімен оңай біріктіріледі. Бұл мұғалімдерге өздерінің қолданыстағы платформаларымен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Curipod AI бастауыш сынып мұғалімдеріне сабақ өткізуді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың оқу материалын жақсырақ түсінуіне көмектеседі. Ойын элементтері мен интерактивті әдістер арқылы балалардың қызығушылығын арттырып, оларды білім алуға ынталандырады. Сонымен қатар, әр баланың білім деңгейіне қарай жекелендірілген тәсілді қолдану арқылы оқыту сапасын жақсартады [2].

Біз ең алдымен Curipod AI ға тіркеліп, аккаунт ашып аламыз [3]. Ол жерде қойылған сұрақтарға жауап береміз (Сурет 1).


Сурет 1 – Аккаунт ашу

Платформаға сәтті кіріп алған соң өзімізге керек сабағымыздың тақырыбын, және қай сыныпқа арналғанын, қандай тілде жазу керек екенін айтамыз (Сурет 2).




Сурет 2 – Жоспарлайтын сабағымыз туралы мәліметтер

“Компьютердің ішкі әлемі” тақырыбындағы сабағымызды жасақтап берді (Сурет 3). Енді біз бұл бетте жұмыс жасай аламыз. Яғни платформаның барлық мүмкіндіктерін пайдалана аламыз.




Сурет 3 – “Компьютердің ішкі әлемі” тақырыбында сабағымыз дайын

Дайын болған презентациямызға тағыда беттер қоса аламыз. Бұл жерде бізде көптеген функциялармен танысамыз. Жаңа беттің тақырыбын, тапсырмаларын, фотоларын қоя аламыз. Сауалнама, сұрақ жауап айдарын жасай аламыз (Сурет 4).




Сурет 4 – Curipod AI платформасы құралдары

Сонымен қатар сурет тақтасын аша аламыз. Бұл жерге оқушыларды қызықтыру үшін, сабаққа деген ынтасын ашу үшін ерекше тапсырмалар береміз. Олар мұнда суреттер сала алады. Және бір бірінің суретін бағалай алады (Сурет 5).




Сурет 5 – Сурет тақтасы

Жасалған сабағымызға тағыда .pptx, .ppt, .key, .pdf форматтарында материалдар қоса аламыз. Сол арқылы сабағымызға қажетті қосымша мәліметтерді жүктейміз (Сурет 6).




Сурет 6 – Презентация қосу

Және басқа сайттардан мәліметтер ала аламыз. Сол сайттағы керек мәліметтің сілтемесін қою арқылы өз презентациямызға қосамыз (Сурет 7).




Сурет 7 – YouTube платформасынан видео қою

Бәрі дайын болған соң сабағымызды жариялаймыз. Оқушыларға сабаққа қосылу үшін код береміз, немесе Qr Code арқылы кіреді (Сурет 8).



Сурет 8 – QR Code

Және сабақ барысында тапсырмалар орындау кезінде өзіміз уақыт беріп, тоқтатып, қоса аламыз. Сол арқылы сабақ уақытын тиімді жоспарлай алатын боламыз (Сурет 9).



Сурет 9 – Сабақтың барысы

Қорытындылай келе Curi.pod AI бастауыш мектеп мұғалімдері үшін таптырмас көмекші құрал. Оның мүмкіндіктері сабақ жоспарын оңтайландыруға, оқушылардың қызығушылығын арттыруға және олардың білімін бағалауға көмектеседі. Оның көмегімен бастауыш сыныпта білім беруді жаңа деңгейге көтеруге болады. Бастауыш мектепте білім беру үдерісі күрделі және көп уақыт пен күшті қажет етеді. Мұғалімдерге тиімді құралдар қажет, ал Curi.pod AI осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға көмектеседі. Оның көмегімен сабақ жоспарын жасау оңайырақ әрі жылдам орындалады, ал оқушылардың білім деңгейіне бейімделген тапсырмалар арқылы оқыту сапасы артады.

Сонымен қатар, Curi.pod AI оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Интерактивті әдістер мен ойын элементтері арқылы балалардың оқуға деген ынтасы күшейеді. Мұғалімдер үшін уақытты үнемдеу, оқушыларға тиімді оқыту әдістерін ұсыну және олардың оқу үлгерімін жақсарту – осы платформаның басты артықшылықтары болып табылады.

Осылайша, Curi.pod AI бастауыш мектеп мұғалімдеріне оқыту сапасын арттыруға, оқушылардың білім алуын қызықты әрі тиімді етуге көмектесетін заманауи технологиялық шешім болып табылады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Фирсов, М.В. Опережающие обучение навыкам будущего (FutureSkills) посредством разработки компьютерных тренажеров и цифровых ассистентов с

искусственным интеллектом / М.В. Фирсов, О.Н. Филатова, А.В. Гущин // Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота. - 2020. - №3(53).

2. Филатова, О.Н. Применение нейросетей в профессиональном образовании / О.Н. Филатова, М.Н. Булаева, А.В. Гущин // Проблемы современного педагогического образования. – 2022. – №77-3. – С.243-245.

<https://curipod.com/f0413756-651a-5101-95d0-c11b95a7a423/games/0d02dda5-bbc0->